

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі туралы" 2004 жылғы 1 қарашадағы № 1466 және "Концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесі туралы" 2007 жылғы 5 наурыздағы № 294 жарлықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 6 маусымдағы № 619 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы Президентінің «Ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі туралы» 2004 жылғы 1 қарашадағы № 1466 және «Концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесі туралы» 2007 жылғы 5 наурыздағы № 294 жарлықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Президентінің «Ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі туралы» 2004 жылғы 1 қарашадағы № 1466 және «Концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесі туралы» 2007 жылғы 5 наурыздағы № 294 жарлықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) «Ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 1 қарашадағы № 1466 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 44, 543-күжат): тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Ерекше стратегиялық маңызы бар, оның ішінде жалға және сенімгерлік басқаруға беруге болатын су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі туралы»;
1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған ерекше стратегиялық маңызы бар, оның ішінде жалға және сенімгерлік басқаруға беруге болатын су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі б е к і т і л с і н . » ;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарының тізбесінде: тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Ерекше стратегиялық маңызы бар, оның ішінде жалға және сенімгерлік басқаруға беруге болатын су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі»; мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

«4. Осы Жарлықтың 3-тармағында аталған су шаруашылығы құрылыстары (су тарту құрылыстары, сорғы станциялары, тазартқыш су құбыры құрылыстары) жалға және сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін.»;

2) «Концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 наурыздағы № 294 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 7, 80-құжат; 2012 ж., № 60, 819-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген концессияға беруге жатпайтын объектілердің тізбесінде: 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Мына қалаларды сумен жабдықтауды қамтамасыз ететін су шаруашылығы құрылыстарын (су тарту құрылыстары, сорғы станциялары, тазартқыш су құбыры құрылыстары) қоспағанда, ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстары (бөгеттер, гидротораптар, басқа да гидротехникалық құрылыстар):

- 1) А с т а н а ;
- 2) А л м а т ы ;
- 3) А қ т а у ;
- 4) А қ т ө б е ;
- 5) А т ы р а у ;
- 6) Қ а р а ғ а н д ы ;
- 7) К ө к ш е т а у ;
- 8) Қ о с т а н а й ;
- 9) Қ ы з ы л о р д а ;
- 1 0) П а в л о д а р ;
- 1 1) П е т р о п а в л ;
- 1 2) Т а л д ы қ о р ғ а н ;
- 1 3) Т а р а з ;
- 1 4) О р а л ;
- 1 5) Ө с к е м е н ;
- 1 6) Ш ы м к е н т ;
- 1 7) С е м е й ;
- 1 8) Т ү р к і с т а н ;
- 1 9) Т е м і р т а у ;
- 2 0) Е к і б а с т ұ з ;

- 2 1) Р у д н ы й ;
- 2 2) Ж е з қ а з ғ а н ;
- 2 3) К е н т а у ;
- 2 4) Б а л қ а ш ;
- 2 5) Ж а ң а ө з е н ;
- 2 6) С ә т п а е в ;
- 2 7) А қ с у ;
- 2 8) Р и д д е р ;
- 2 9) А р ы с ;
- 3 0) С т е п н о г о р с к ;
- 3 1) Ш а х т и н с к ;
- 3 2) С а р а н ;
- 3 3) Қ а п ш а ғ а й ;
- 3 4) А р қ а л ы қ ;
- 3 5) Л и с а к о в с к ;
- 3 6) П р и о з е р с к . » .

3. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н.Назарбаев